



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№3 (110)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдуакап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

- Талеев Д.* Ответвления Великого Шёлкового пути на территории Жетысу в X–XIII веках: геоэкономические и культурные аспекты транзитных маршрутов
Талеев Д. X–XIII ғасырлардағы Жетісу аумағындағы Ұлы Жібек жолының тармақтары: транзиттік бағыттардың геоэкономикалық және мәдени аспектілері
Taleev D. Branches of the Great Silk road on the territory of Zhetysu in the X–XIII centuries: geo-economic and cultural aspects of transit routes..... 6
- Құрманиязов Ы., Рахимжанова С.* Солтүстік-Шығыс Арал маңының тас ғасырының ескерткіштерін бақылау және тіркеуге алу
Құрманиязов Ы., Рахимжанова С. Мониторинг и регистрация памятников каменного века северо-восточного Приаралья
Kurmaniyazov Y., Rakhimzhanova S. Monitoring and registration of stone age monuments in the Northeastern Aral sea region..... 19
- Moldakhmet A.* The problem of identifying the cities of Eshnas and Ornas with the medieval city of Asanas and the history of its study
Молдахмет А. Деректердегі «Эшнас», «Орнас» қалалары мен ортағасырлық Асанастың баламалану мәселесі және оның зерттелу тарихы
Молдахмет А. Проблема отождествления городов «Эшнас», «Орнас» со средневековым городом Асанас и история его изучения..... 32

Этнология / Ethnology / Этнология

- Атдаев С.* Судьбы ханов и сердаров Ахала после 12 января 1881 г.
Атдаев С. 1881 жылғы 12 қаңтардан кейінгі Ахал хандары мен сардарларының тағдыры
Atdaev S. The fates of the khans and serdars of Akhala after January 12, 1881..... 42

Музей ісі / Museology / Музейное дело

- Атабаева Г.* Үйірме музейдің мәдени білім беру қызметінің түрі ретінде
Атабаева Г. Кружок как форма культурно-образовательной деятельности музея
Atabayeva G. The circle as a form of cultural and educational activities of the museum..... 57
- Мичри М.* Опыт реставрации восточно-азиатских лаков в лаборатории научной реставрации предметов из органических материалов Государственного Эрмитажа
Мичри М. Шығыс-азиялық лактарды Мемлекеттік Эрмитаждың органикалық материалдардан жасалған бұйымдарды ғылыми реставрациялау зертханасында қайта қалпына келтіру тәжірибесі
Michri M. Experience in the restoration of east asian lacquers at the laboratory for the scientific restoration of objects made of organic materials of the State Hermitage museum..... 71

***Құрманиязов Ы.¹, Рахимжанова С.²**

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қызылорда, Қазақстан

²Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты филиалы

Астана, Қазақстан

*e-mail: yslam.kurmaniyazov@gmail.com

СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС АРАЛ МАҢЫНЫҢ ТАС ҒАСЫРЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУГЕ АЛУ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада 2024 – 2025 жылдары Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандары аумағы Солтүстік – Шығыс Арал маңы археологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері қорытындылары ұсынылған. Соның ішіндегі аймақтағы тас ғасыры дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы қатысты құнды деректер және зерттелу тарихы кезеңдері қарастырылып берілген. Зерттелу барысында қандай жаңадан анықталған ескерткіштерден алынған көрші мәдениеттермен байланысы мерзімделуі қарастырылған. Археологиялық барлау жұмыстары барысында ашылған ескерткіштердің картаға түсірлуі, беткі қабатынан жиналып алынған материалдар, тас құралдар, қыш ыдыстар кешені бізге палеолит, неолит, энеолит, қола және ерте темір ғасырына дейін Арал маңының ежелгі тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Зерттеу тобы мүшелері Қызылорда облысына тарихына қатысты архив, музейлік қоры және жеке коллекцияларда жиналған материалдар зерделенді. Археологиялық барлау жұмыстары барысында бұрын ашылған ескерткіштерге мониторинг және жаңадан ашылған ескерткіштерді тіркеп, тарихи-мәдени мұралар тізіміне алынды.

Қазіргі таңда археологиялық мониторинг археологиялық ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесінің ең маңызды жұмыстардың бірі болып табылады. Арал маңында бақылау, тіркеуге алу кезінде жаңадан ашылған объектілердің өзгерістер, олардың жай-күйі, мысалы, табиғи немесе техногендік себептер бойынша зақымдану немесе жойылудың басталуы қадағаланады.

Кілт сөздер: тарих, археология, Арал маңы, Сырдария, ескерткіш, тұрақ, қоныс, тас құралдар.

Дәйексөз үшін: Құрманиязов Ы., Рахимжанова С. Солтүстік-Шығыс Арал маңының тас ғасырының ескерткіштерін бақылау және тіркеуге алу // Мәдени мұра. 2025. № 3(110). 19-31 б. (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.02>

Кіріспе

Солтүстік–Шығыс Арал маңындағы тас ғасыры ескерткіштерін археологиялық тұрғыдан сипаттай отырып зерделеу жұмыстары барысында жаңадан ашылған ескерткіштерді олардың мәдени-типологиялық негізін айқындауға арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2024–2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде тарих ғылымдарының кандидаты С. Рахимжанованың жетекшілігімен «Шығыс Арал маңы тас дәуірінің ескерткіштерін археологиялық зерттеу» жобасы аясында Қызылорда облысы аумағы Арал және Қазалы аудандары аумағынан жаңадан тас ғасырының ескерткіштері ашылған болатын. Ғылыми тұрғыдан мұндай өңірлердің өткенін игеру археологиядағы бірқатар шешімі табыла қоймаған мәселелерді нақтылауға септігін тигізетіндігі белгілі. Әсіресе деректемелік қорды айқындап алу және оны біртіндеп ұлғайту, өңір археологиясын зерттеу барысында алынған тың нәтижелерді ұсыну, келешегі мол үміт күттіретін ғылыми бағыттарды айшықтау секілді алуан түрлі қордаланған мәселелерді шешуде мұны бірден байқауға болады. Аталған өңірдедалалықизденісжүргізгенкешенді археологиялық экспедициялар ғылыми-зерттеу жұмыстарынәтижелеріжаңадан ашылған ескерткіштермен салыстыра отырып саралау олардың географиясын кеңейтіп, өткен жылдардағы зерделеу іс-әрекеттеріқорытындыларын айқындау қажеттілігі байқалады.


Тас дәуірлерінде өмір сүрген алғашқы қауым адамдарының ескерткіштерін зерттеу теориялық және практикалық жағынан құнды дүниелер қатарына жатады. Мұндай сауалдарды зерделеуде

археология ғылым саласының алар орны ерекше. Аймақтың тарихи-археологиялық зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың ортасынан бастап біршама қарқынды түрде дами бастады. Олардың көпшілігі мақала, ғылыми есеп, тезис түрінде ғана. Археологтардың бұл мәселеге қатысты географ, геолог, т.б. мамандармен бірлесе жасаған еңбектері де сирек ұшырасады. Дегенмен олардың барлығы осы еңбекте жүйеленіп, жаңа ашылған археологиялық нысандар негізінде деректемелік қоры одан сайын толықтырылып Солтүстік–Шығыс Арал маңы кейінгі тас дәуірі ескерткіштері геоархеологиялық тұрғыдан тұңғыш рет жобалық деңгейде зерттелініп отыр.

Аймақтың сипаттамасы

Географиялық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар Солтүстік Арал маңы тарихи-мәдени процестерді түсінуде үлкен маңызға ие. Себебі бұл өңір шөлейттермен қоршалған классикалық дала аймағы ретінде белгілі аймақ болып табылады. Тас дәуірінде кезеңдерінде осы өңірде адам өмірі мен олардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін құру үшін мейлінше қолайлы табиғи және тарихи жағдайлар орын алды. Осы жұмыста біз алдыңғы зерттеушілер сипаттаған және ішінара жарияланған аймақ ескерткіштері туралы мәліметтер базасын құруды қажет деп таптық. Бұл материалдар физикалық тұрғыдан сақталмаса да, бір жағынан негізгі базалық, екінші жағынан Арал маңындағы голоцен кезеңіндегі мәдениеттер туралы заманауи түсініктерді толықтыратын мәдени кешендер болып табылады (Сур.1).

Арал теңізінің солтүстігі құрамына шығыстан батысқа қарай – Арал маңындағы Қарақұм шөлі, Кіші және Үлкен Борсық құмдары кіреді. Батыста



Сур.1. Зерттеу аймағы: Солтүстік-Шығыс Арал маңы, Қарақұмы, Қызылорда облысы
(Большая советская энциклопедия. — М.: Советская энциклопедия. 1969—1978.)

Fig.1. Research area: north-east Aral region, Karakum, Kyzylorda region
(The Great Soviet Encyclopedia. - M.: Soviet Encyclopedia. 1969-1978.)

Арал маңы Мұғалжар тау бөктерімен және Үстіртпен шектесе, солтүстігінде Торғай үстіртінің оңтүстігіне дейін жетеді, шығысында Сарыарқамен, оңтүстігінде Сырдария өзенімен шектеседі. Солтүстік Арал маңы – Торғай үстірті мен Тұран жазығын қамтитын Тұран ойпатының үлкен бөлігін қамтиды.

Арал маңы мен Сырдарияның төменгі ағысынан шығысында орналасқан Шиелі ауданының Тартоғай станциясынан (Қызылордан оңтүстікке қарай 70-75 км) батысқа қарай-теңізге дейінгі аралықта Сырдария өзенінің кең атырау жазығы жайылған. Ондағы биіктік Тартоғай маңында 140-тан басталып 151 метрге дейін

өзгереді, батысқа қарай 100 метрге дейін, ал Жосалы станциясынан теңіз жағалауына дейін 55 метрге дейін төмендейді. Үлкен аллювиалды-атырау жазығының шеңберінде бір-бірімен араласып кеткен әртүрлі кезеңге жататын бірнеше дельталық жүйелері ерекшеленеді. Бұл жүйелер Іңкәрдария, Жаңадария, Ескідариялық және Қуандария арналарына тиесілі. Салалық арналардың бойында қуатты аккумулятивтік жағалау жарлары байқалады. Арналардың аралығындағы кеңістік күрделі эрозиялы – аккумулятивті жер бедерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар арналар арасындағы кеңістіктер күрделі эрозиялық-аккумулятивті рельефке

ие. Мұнда Сырдарияның су тасыған кезде пайда болған толқынданған суайрықтар мен кең жазық ойпаттар анық байқалады (Андрианов, 1969). Жазықтардың арасында көптеген жоталы құм учаскелері кездеседі. Атырауының батыс және төменгі бөлігінде құм алқап жайыла түседі. Арал теңізінің шығыс жағалауында, Жаңадария мен Қуандария арналарының арасында жоталы құмдардың кең массиві орналасқан. Жазықта ішінара ежелгі жыныстардан қаланған, жеке тұрған биік жоталар кездеседі (Аққыр, Қарақ, Жосалы, Көк-Сеңгір және т.б.). Олар атыраудың жазық бетінен 60-80 метр биік, тік жарлы және әртүрлі оғаш формалы болып келеді (Вайнберг, 1999).

Тарихнамалық шолу

Қарастырылып отырған Солтүстік-Шығыс Арал мен онымен іргелес аудандардағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу өткен ғасырлардан бастап қолға алынды. Патшалық Ресей мен кеңестік дәуірде және тәуелсіздік жылдарында осы өңірден жүздеген археологиялық ескерткіштер анықталынып, ғылыми айналымға енді де, өзекті де көкейкесті тақырыптар да қозғалған еді. Сайып келгенде, археологиялық ескерткіштерді зерттеудің ұзын сонар тарихы бар.

Осыған орай Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры қола дәуірі зерттелу тарихына тоқталатын болсақ, қазіргі таңда қолдағы бар деректер аймақтың тас ғасыры мен қола дәуірі туралы алғашқы Түркістан әуесқойлары үйірмесінің шағын хабарламалары бар соның ішінде И.А. Кастаньенің қазіргі Арал ауданы аумағы Сексеуіл кентінің обалары жайлы хабарламалары кездеседі. Кейінгі зерттеулер Арал теңізі, Арал маңы Қарақұмы, Үлкен

Кіші Борсық құмдары, Қызылқұм шөлінде географиялық және биологиялық зерттеулер жүргізіген ғалымдар соның ішінде Б.А. Федорович (Федорович, 1954), А.Н. Формозов (Формозов, 1987), В.М. Смирин (Смирин, 2008), А.Л. Яншин (Яншин, 1953: 643), С.Е. Максимов (Максимов, 1944) Л.С. Гликман, А.Н. Мелентьев (Гликман, Мелентьев, 1968) сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі тұрақтар жайлы хабарламаларды қамтыды.

Ескерткіштердің беткі қабатынан жиналып алынған тас құралдар кешені археолог ғалымдар соның ішінде тас дәуірін зерттеген П.С. Назаров (Назаров, 1907), И.А. Кастанье (Кастанье, 1910), А.А. Спицын (Спицын, 1930), А.А. Формозов (Формозов, 1945), С.П. Толстов (Толстов, 1948), А.В. Виноградов (Виноградов, 1957), М.А. Итинаның (Итина, 1951) ғылыми мақалаларында кездеседі. Кешенді зерттеулері мен деректері бар Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының тас ғасыры отрядын басқарған А. Виноградовтың 1955 ж. Солтүстік Арал маңынан келген географтардың хабарламаларына және өзінің диссертациялық жұмысының аясында Арал ауданы шағын зерттеу барлау жұмыстарын неолит, энеолит және қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуге негізделген (Виноградов, 1955; 1959; 1981). Хорезм экспедициясының Шығыс Арал маңында 1958 ж. жүргізген зерттеулер арқасында Жалпақ, Аймора, Талас тұрақтары және 1963-1973 жж. қола дәуірінің Суықбет, Баян, Тас т.б. ескерткіштері ашылып зерттелді. Хорезм экспедициясының еңбектері 1960 ж. жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» атты ғылыми жинағына енгізілді (Археологическая карта Казахстана, 1960). Тәуелсіздік

жылдары Солтүстік-Шығыс Арал маңында тек шағын барлау тобы зерттеу жұмыстарын жүргізді, оған себеп Арал теңізінің тартылуы жағалуын зерттеу барысында халықаралық жобалар мен зерттеу бірнеше шағын зерттеулер жүргізіп шағын ғылыми мақалалары жарық көріп ескерткіштер туралы мәліметтер мен Қызылорда облысының ескерткіштер жинағына А.П. Деревянко және Ж.Қ. Таймағамбетов (Таймағамбетов, 2011:41), К.М. Байпаков (Байпаков және т.б авторлар, 2004: 236-354), О.А. Артюхова (Артюхова, 2001), Т.Б. Мамиров (Мамиров, 2007), Ж.К. Курманкулов (Курманкулов, 2007), Г.Ахатов (Ахатов, 2007), Ә.Ә. Тәжекеев (Тәжекеев, 2010), Г.Т. Исаков (Исаков, 2006) С.К. Ишанғали, В.К. Мерц, Ж.Л. Бонора (Ишанғали, Мерц, Бонора, 2012) т.б авторлығымен енгізілген болатын.

Арал аймағының тас ғасыры ескерткіштерін зерттеулері барысында ғылыми мақалалар және құнды материалдар ғылыми айналымға енгізілді (Rakhimzhanova, 2025, Тажекеев, 2025).

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланы жазу барысында, Қызылорда облысы Арал және Қазалы ауданы археологиялық және этнографиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында, жаңа ескерткіштер тізімге алынып жер атауларына қатысты құнды деректер алынды.

- Далалық зерттеулер барысында ашылған нысандардың географиялық координаттары картаға түсіріліп, маршруттары сызылды, фото-фиксация және ескерткіштердің әуеден суретке түсіру үшін DJI mavic 3 ұшқышсыз ұшу аппараты қолданылды (Сур. 2).

- Аймақтың табиғи ерекшеліктерін



Сур. 2. Сарой тас дәуірінің тұрағы маңы әуеден көрінісі. 2025 ж.
(Советская топокарта и Google планета земля қосымшасы)

Fig.2. Aerial view of the Saroy stone age parking territory. 2025.
(Soviet map and Google Planet earth application)



Сур.3. Акиын қыстағының маңындағы тас дәуірінің ескерткіштері. 2025 ж.

(Советская топокарта и Google планета земля қосымшасы)

Fig.3. Monuments of the Stone Age near the Akiyn wintering place. 2025.

(Soviet map and Google Planet earth application)

ескере отырып, үрлемелі құмдардың жылжуынан ашылған тұрақтар мен қоныстардың бетінен қыш ыдыстар сынықтары және тас құралдар әртүрлі секторға бөлініп жинақталып алынды.

- Барлау жұмыстары барысында жаңадан ашылған ескерткіштердің жергілікті халықтан жер атаулары, жергілікті мекендеген халықтың рулары, шөп атаулары, құрылыс салу өнері жайлы толықтай мәліметтер ғылыми мақаланы жазу барысында этнография ғылымында қалыптасқан далалық зерттеулер жүргізу, суретке - фотоға түсіру сұрақ жауап арқылы дерек алу әдістері қолданылды.

- Картографиялау жұмыстары барысында әр ескерткіштің географиялық координттары алынып ашық қол жетімділіктегі географиялық карта нұсқасы қолданылды (Сур. 3).

- Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінң қорына жаңадан ашылған

ескерткіштердің есептік карточкасы және төлқұжаты дайындалуда.

Нәтиже мен талқылау

Солтүстік-Шығыс Арал маңы тас ғасыры ескерткіштері туралы ақпараттар жазба және археологиялық қазба материалдарынан тұрады. Жазба деректемелерге тақырыпқа қатысты түрлі ғылым салаларын қамтыған, ғылыми есеп, сызба, картографиялық материалдар, т.б. жатса, археологиялық қазба материалдарына тас дәуірі ескерткіштерінен алынған еңбек құралдары, музей топтамалары, жәдігерлер, т.б. жатады. Сонда да болса оларды топтастырып, келесідей шағын топтарға біріктіруге болады:

Археологиялық (әр жылдардағы ғылыми есептер, естеліктер, сызбалар, т.б.): а) 1946-1991 жж. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы материалдары; 2004-2009 жж. Шірік Рабат археологиялық экспедициясы мәліметтері; 2011-

2017 жж. Жанкент археологиялық экспедициясының зерттеулері; ә) авторлар тарапынан 2018-2025 жж. аралығында ГАЗ (ГИС) технологиясын пайдалану арқылы жүргізген барлау жұмыстары кезінде жинақталаған материалдар коллекциялары және өзінің қатысумен ашылған археологиялық ескерткіштер туралы мағлұматтар жиынтығы;

Архивтік: а) Ресей Федерациясы Мәскеу қаласындағы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология Институттың қорындағы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының материалдары; ә) Санкт-Петербург қаласы РГА ММТИ архив қоры (жеке қорлар, т.б.); б) Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтындағы архивтік қоры; в) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Археология және этнография ғылыми орталығындағы тақырыпқа қатысты ғылыми есептер қаралды;

Музейлік: а) Мәскеудегі мемлекеттік Шығыс халықтарының музейі қорларындағы тас құралдар және қыш ыдыстар топтамалары (қор бөлімінде сақталған, экспозицияға қойылған, т.б.); ә) Алматы қаласындағы ҚР Орталық мемлекеттік музейіндегі жәдігерлер; б) Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының әр кезеңде өткізген археологиялық топтамалары; в) Арал және Қазалы аудандық өлкетану музейінің қорында сақталған саны 1000 шақты кездейсоқ табылған, жергілікті тұрғындар өткізген тас құралдар мен қыш ыдыстар сынықтары.

Сонымен қатар, Солтүстік Арал маңы Қосаман, Құмсай, Арал маңы Қарақұмы, Тапа, Шәкен,

Шөміш ауылдарына автордың қатысумен барлау жұмыстары барысында табылған жәдігерлермен жергілікті өлкетанушылар жеке коллекцияларында сақталған қыш ыдыс, тас құралдар сипаттамасы да диссертациялық жұмыстың деректік қорына кіреді.

Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәліметтері. Атап айтқанда жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде 10 нысан кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштеріретінде белгіленген. Олардың ішіндегі Алтықұдық, Сексеуіл, Арал тұрақтары, Құмсай және тағы басқаларына шартты атаулар берілген;

Авторлардың ел арасынан жинаған мәліметтері (АЕЖМ): авторлар Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Шәкен ауылдық округі Тапа ауылы тұрғыны Жұмабаев Аманжол жеке топтамасын деректік қорға кіргізіп отыр. Ол азаматтың қоры 1960 жылдан бері қалыптасқандығымен ерекшеленеді. Жинақталған жеке дербес коллекцияларыбұрын жарияланбаған. Топтамадағы негізгі бұйымдар тас пен қыш ыдыстар. Оларға салыстырмалы-тарихи талдау жасалынып, бұйымдар туралы ақпараттар диссертациялық жұмысқа енгізілді.

Қорытынды

2024-2025 жылдың Ә.Х. Марғұлан институтының Арал маңының тас ғасыры отряды басшысы тарих ғылымдарының кандидаты С. Рахимжанованың бастамасымен Қызылорда облысы Арал және Қазалы ауданындар аумағынан жаңадан тас ғасырының ескерткіштері ашылып

зерттелді. Солардың ішіндегі Арал ауданы аумағынан Аймен, Жантлес, Сарышоқы Сазды топтары, Сексеуіл станциясының маңынан бұрынан ашылған ескерткіштерге қайта мониторинг жүргізілді. Қазалы ауданы аумағынан Шәкен Шилі ауылдары маңынан Ақиын, Шилі, Сарыой т.б ескерткіштер ашылып зерттелді. Жоба аясында музей қоры, архив деректері және жеке адамдар қолынан тас құралдары коллекциясы алынып зерттелді. Жоба аясында Арал аймағының ежелгі тарихына қатысты құнды материалдар және жаңа ескерткіштер ашылып зерттелді. Қазіргі таңда Арал аймағының ежелгі дәуір ескерткіштері жайлы хабарламалары толықтай зерттелу нәтижесінде жеткілікті деңгейдегі деректану базасы құрылып, далалық археологиялық барлау жұмыстары барысында

ескерткіштердің беткі қабатынан алынған материалдарды өңдеу және талдау саралау жұмыстары зертханада жүргізілетін болады.

Өзіндік бір тарихи-географиялық ауданға жататын Солтүстік-Шығыс Арал төңірегіндегі археологиялық кешендердің хроностратиграфия сауалдарын шешуде орасан зор маңызға ие бола алады. Солтүстік-Шығыс Арал төңірегіндегі археологиялық кешендер кезеңдестірілуі осындағы мыңж. бойы қалыптасқан заттай мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Тас инвентарына жасалынған морфо-типологиялық талдау мен археологиялық жұрт-орындар кезеңдестірілуінің сызбасын қарастырған кезде зерттелініп отырған аймақтың іргелес немесе көршілес өңірлермен тарихи-генетикалық байланысы бар екендігін ескерген жөн.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026 жж. арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде, ЖТН АР22788840 «Шығыс Арал маңы тас дәуірінің ескерткіштерін археологиялық зерттеу» жобасы аясында жазылды.

Әдебиет

1. Андрианов Б.В., 1969. Древние оросительные системы Приаралья (в связи с историей возникновения и развития орошаемого земледелия). М.: Наука. 253 с.
2. Археологическая карта Казахстана, 1960. Реестр Алма-Ата, Изд-во АН КазССР. 450 с.
3. Байпаков К.М., Бороффко Н., Савельева Т.В. и др., 2004. Итоги археологических исследований по проекту INTAS "CLIMAN" // Известия НАН РК. Серия общ.наук. № 1. С. 236- 254.
4. Вайнберг Б.И., 1999. Этнография Турана в древности. М.: Восточная литература. 353 с.
5. Виноградов А.В., Кузьмина Е.Е., Смирин В.М., 1973. Новые первобытные памятники в Северо-Восточном Приаралье // Сборник проблемы археологии Урала Сибири. М.: Наука. С. 85-103.
6. Виноградов А.В., 1959. Археологическая разведка в районе Аральска –Саксаульской в 1955 г. // труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. С. 76-81.
7. Виноградов А.В., 1981. Древние охотники и рыболовы Среднеазиатского междуречья. // ТХАЭЭ. Т. XIII. М. 176 с.
8. Гликман Л.С., Мелентьев А.Н., 1968. Стоянка эпохи бронзы у станицы Саксаульской // Краткие сообщения института Археологии. Выпуск 114. С.65-68.
9. Деревянко А.П., Таймагамбетов Ж.К. и др., 1999. Палеолитическое местонахождение северного побережья Аральского моря // Проблемы археологии, этнографии, антропологии

Сибири и сопредельных территорий. Т. 5. Новосибирск. С.45-49.

10. Исаков Г.Т., 2005. Каменная индустрия Мугоджар и Северного Приаралья в мезолите–энеолите. Автореферат дисс... на соискание ученой степени канд. истор. наук: 07.00.06. А. 30 с.

11. Итина М.А., 1977. История степных племен Южного Приаралья (II – начало I тыс. до н.э. // ТХАЭ. Т. X. М. 240 с.

12. Ишанғали С.К., Мерц В.К., Бонора Ж.Л., 2012. Исследования каменному веку Северного Приаралья. // Материалы международной научной конференции «Кадырбаеские чтения – 2012». Актобе, 2012. С.37-41.

13. Курманкулов Ж., Байпаков К.М. Елеуов М., 2007. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна Аруна. 376 с.

14. Қартаева Т.Е., 2015. Сыр өңірінің дәстүрлі этногеографиясы. Алматы: Арыс. 448 б.

15. Максимов С.Е., 1944. Находка палеолита в районе Аральского моря // Ученые записки Ленинградского университета. Серия геология. – 1944. – Вып II. – С.167-168.

16. Мамиров Т.Б., 2007. Памятник Шелги-Загем // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы. 376 с.

17. Назаров П.С., 1907. Протоколы заседаний и сообщения членов туркестанского кружка любителей археологии. Год одиннадцатый (1 января 1906–1 января 1907). Ташкент. 48 с.

18. Смирин В. М., 2008. Портреты степных зверей Европы и Северной Азии. М.: Центр охраны дикой природы. 92 с

19. Спицын А.А., 1930. Древности Средней Азии // Архив ЛОИМК. Рукопись №33.

20. Тажекеев А., 2010. История освоения Юго-восточного Приаралья с древнейших времен до конца I тысячелетия до н.э. дисс. ...канд. истор. наук: 07.00.06. М.: ИЭА РАН. 184 с.

21. Тәжекеев Ә.Ә., Құрманғазов Ы.С., Рахимжанова С.Ж., Чеха А.М., 2025. Полевой дневник А.В.Виноградова как источник изучения памятников каменного века Северо-Восточного Приаралья (Казахстан) // Археология Казахстана. №1 (27). С. 67-87.

22. Толстов С.П., 1948. По следам Древнехорезмийской цивилизации. М.: Соцэкгиз. 212 с.

23. Федорович Б.А., 1954. Лик пустыни. М.: Мол. гвардия. 368 с.

24. Формозов А. А., 1945. Об открытии кельтеминарской культуры в Казахстане // Вестник Казахстанского Филиала АН СССР. № 2. С. 6-8.

25. Формозов А.А., 1949. Кельтеминарская культура в Западном Казахстане // КСИИМК. Вып. XXV. М.-Л. С. 49-58.

26. Формозов А.Н., 1987. Животный мир Казахстана. М.: Наука. 140 с.

27. Яншин А.Л., 1953. Геология Северного Приаралья М. Московское Общество Испытателей Природы. 736 с.

28. Rakhimzhanova Saule Zh., Tusheva Yelena K., Aminova Rimma N., Kurmaniyazov Yslam S., Akkoshkarova Zhanna T., 2025. Genèse des sites néolithiques de la région de la Mer d'Aral // L'Anthropologie. Volume 129, Issue 2. <https://doi.org/10.1016/j.anthro.2025.103369>

References

1. Andrianov B.V., 1969. Drevniye orositel'nyye sistemy Priaral'ya (v svzi s istoriyey vozniknoveniya i razvitiya oroshayemogo zemledeliya) [Ancient irrigation systems of the Aral region (in connection with the history of the emergence and development of irrigated agriculture)]. М.: Nauka. 253 p. [in Russian]

2. Arkheologicheskaya karta Kazakhstana [Archaeological map of Kazakhstan], 1960. Reyestr Alma-Ata, Izd-vo AN KazSSR. 450 p. [in Russian]

3. Baypakov K.M., Boroffko N., Savelyeva T.V. i dr., 2004. Itogi arkheologicheskikh issledovaniy po proyektu INTAS "CLIMAN" [Results of archaeological research on the INTAS "CLIMAN" project] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshch.nauk. № 1. Pp. 236-254. [in Russian]

4. Vaynberg B.I., 1999. Etnografiya Turana v drevnosti [Ethnography of Turan in antiquity]. M.: Vostochnaya literatura. 353 p. [In Russian].
5. Vinogradov A.V., Kuzymina E.E., Smirin V.M., 1973. Novyye pervobytnyye pamyatniki v Severo-Vostochnom Priaralye [New primitive monuments in the North-Eastern Aral region] // Sbornik problemy arkheologii Urala Sibiri. M.: Nauka. Pp. 85-103. [in Russian]
6. Vinogradov A.V., 1959. Arkheologicheskaya razvedka v rayone Aralska –Saksaulskoy v 1955 g. [Archaeological exploration in the Aralsk-Saksaul region in 1955] // Trudy IIAE AN KazSSR. Vol. 7. Pp. 76-81. [in Russian]
7. Vinogradov A.V., 1981. Drevniye okhotniki i rybolovy Sredneaziatskogo mezhdurechya [Ancient hunters and fishermen of the Central Asian interfluve] // TKHAE. Vol. XIII. M. 176 p. [in Russian]
8. Glikman L.S., Melentyev A.N., 1968. Stoyanka epokhi bronzy u stanitsy Saksaulskoy [Bronze Age site near the village of Saksaul] // Kratkiye sobshcheniya instituta Arkheologii., Vypusk 114. Pp. 65-68. [in Russian]
9. Derevyanko A.P., Taymagambetov Zh.K. i dr., 1999. Paleoliticheskiye mestonakhozhdeniye severnogo poberezhya Aralskogo morya [Paleolithic locations of the northern coast of the Aral Sea] // Problemy arkheologii, etnografii, antropologii Sibiri i sopradelnykh territoriy. Vol. 5. Novosibirsk. Pp. 45-49. [in Russian]
10. Isakov G.T., 2005. Kamennaya industriya Mugodzhar i Severnogo Priaralya v mezolite-eneolite [Stone industry of Mugodzhar and the Northern Aral Sea region in the Mesolithic-Eneolithic]. Avtoreferat diss... na soiskaniye uchenoy stepeni kand. istor. nauk: 07.00.06. A. 30 p. [in Russian]
11. Itina M.A., 1977. Istoriya stepnykh plemen Yuzhnogo Priaralya (II – nachalo I tys. do n.e.) [History of the steppe tribes of the Southern Aral Sea region (the 2nd - beginning of the 1st millennium BC)] // TKHAE. Vol. X. M. 240 p. [in Russian].
12. Ishangali S.K., Merts V.K., Bonora Zh.L., 2012. Issledovaniya kamennomu veku Severnogo Priaralya [Research into the Stone Age of the Northern Aral Sea region] // Materials of the international scientific conference “Kadyrbay Readings – 2012”. Pp. 37-41. [in Russian]
13. Kurmankulov Zh., Baypakov K.M., Yeleuov M., 2007. Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazakhstan. Kyzylordinskaya oblast. [Code of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region]. Almaty: Aruna Aruna. 376 p. [in Russian]
14. Qartaeva T.E., 2015. Syr onirinin dasturli etnogeografiyas [Traditional ethnogeography of the Syr region]. Almaty: Arys. 448 p. [in Kazakh]
15. Maksimov S.E., 1944. Nakhodka paleolita v rayone Aralskogo morya [Paleolithic find in the Aral Sea region] // Uchenyye zapiski Leningradskogo universiteta. Seriya geologiya. Issue II. Pp. 167-168. [in Russian]
16. Mamirov T.B., 2007. Pamyatnik Shelgi-Zagem [Monument to Shelgi-Zagem] // Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazakhstan. Kyzylordinskaya oblast. Almaty. 376 p. [In Russian].
17. Nazarov P.S., 1907. Protokoly zasedaniy i soobshcheniya chlenov turkestanskogo kruzhka lyubiteley arkheologii. God odinnadtsatyy (1 yanvarya 1906–1 yanvarya 1907) [Minutes of meetings and reports of members of the Turkestan circle of archeology enthusiasts. Year eleventh (January 1, 1906 – January 1, 1907).]. Tashkent. 48 p. [in Russian]
18. Smirin V. M., 2008. Portrety stepnykh zverey Yevropy i Severnoy Azii [Portraits of steppe animals of Europe and Northern Asia]. M. : Tsentr okhrany dikoy prirody. 92 p. [in Russian]
19. Spitsyn A.A., 1930. Drevnosti Sredney Azii [Antiquities of Central Asia] // LOYIMK Archive. Manuscript No. 33. [in Russian]
20. Tazhekeev A., 2010. Istoriya osvoyeniya Yugo-vostochnogo Priaralya s drevneyshikh vremen do kontsa I tysyacheletiya do n.e. [History of the development of the South-Eastern Aral Sea region

from ancient times to the end of the 1st millennium BC]. Diss. Cand. of History: 07.00.06. M.: IEA RAS. 184 p. [in Russian]

21. Tazhekeev A.A., Qurmaniyazov Y.S., Rakhimzhanova S.Zh., Cheha A.M., 2025. Polevoj dnevnik A.V.Vinogradova kak istochnik izucheniya pamyatnikov kamennogo veka Severo-Vostochnogo Priaralya (Kazakhstan) [A.V.Vinogradov's Field diary as a Source for studying Stone Age Monuments in the Northeastern Aral Sea Region (Kazakhstan)] // Kazakhstan Archeology. №1 (27). Pp. 67-87. [in Russian]

22. Tolstov S.P., 1948. Po sledam drevnikh khorezmskiy tsivilizatsiy [In the footsteps of ancient Khorezm civilizations] M. 212 p. [in Russian]

23. Fedorovich B.A., 1954. Lik pustyni. [Face of the Desert] M.: Mol. Guard. 368 p. [in Russian]

24. Formozov A. A., 1945. Ob otkrytii kelteminarskoy kultury v Kazakhstane [On the discovery of the Kelteminar culture in Kazakhstan] // Vestnik Kazakhstanskogo Filiala AN SSSR. № 2. Pp. 6-8. [in Russian]

25. Formozov A.A., 1949. Kelteminarskaya kultura v Zapadnom Kazakhstane [Kelteminar culture in Western Kazakhstan // KSIIIMK] // KSIIIMK. Vyp. KHKHV. M.-L. Pp. 49-58. [in Russian]

26. Formozov A.N., 1987. Zhivotnyy mir Kazakhstana [Animal world of Kazakhstan]. M.: Nauka. 140 p. [in Russian]

27. Yanshin A.L., 1953. Geologiya Severnogo Priaralya [Geology of the Northern Aral Sea region]. M. Moskovskoye Obshchestvo Ispytateley Prirody. 736 p. [in Russian]

28. Rakhimzhanova Saule Zh., Tusheva Yelena K., Aminova Rimma N., Kurmaniyazov Yslam S., Akkoshkarova Zhanna T., 2025. Genèse des sites néolithiques de la région de la Mer d'Aral // L'Anthropologie. Volume 129, Issue 2. <https://doi.org/10.1016/j.anthro.2025.103369> [in French]

***Құрманиязов Ы.¹, Рахимжанова С.²**

¹Қызылординский университет имени Коркыт Ата
Қызылорда, Қазақстан

²Филиал Института археологии имени А.Х. Марғұлана
Астана, Қазақстан

*e-mail: yslam.kurmaniyazov@gmail.com

МОНИТОРИНГ И РЕГИСТРАЦИЯ ПАМЯТНИКОВ КАМЕННОГО ВЕКА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО ПРИАРАЛЬЯ

Аннотация. В научной статье представлены результаты археологических разведывательных работ в Северо-Восточном Приаралье Аральского и Казалинского районов Кызылординской области в 2024-2025 годах. Среди них рассмотрены ценные данные по истории изучения памятников каменного века в регионе и периоды истории их изучения. В исследовании также рассматривается связь вновь обнаруженных памятников с соседними культурами, в которых они были найдены. Картографирование памятников, обнаруженных в ходе археологических разведывательных работ, материалы, собранные с поверхностного слоя, каменные орудия труда и комплексы керамики позволяют восстановить древнюю историю Приаралья в палеолите, неолите, энеолите, эпохе бронзы и раннего железного века. Члены научно-исследовательской группы изучили материалы, собранные в архивах, музейных собраниях

и частных коллекциях, связанные с историей Кызылординской области. В ходе археологических разведывательных работ проводился мониторинг ранее обнаруженных памятников и учет вновь обнаруженных памятников, которые включались в список историко-культурного наследия.

В настоящее время археологический мониторинг является одной из важнейших задач в системе мер по обеспечению сохранности археологических памятников. В ходе мониторинга и учёта в Приаральском регионе отслеживаются изменения вновь выявленных объектов, их состояние, например, наступление повреждений или разрушений по естественным или техногенным причинам.

Ключевые слова: история, археология, Приаралье, Сырдарья, памятник, стоянка, поселение, каменные орудия.

Для цитирования: Курманиязов Ы., Рахимжанова С. Мониторинг и регистрация памятников каменного века Северо-Восточного Приаралья // Мәдени мұра. 2025. № 3(110). 19-31 с. (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.02>

***Kurmaniyazov Y. ¹, Rakhimzhanova S. ²**

¹Kyzylorda University named after Korkyt Ata
Kyzylorda, Kazakhstan

²Branch of the Margulan Institute of Archeology
Astana, Kazakhstan.

*e-mail: yslam.kurmaniyazov@gmail.com

MONITORING AND REGISTRATION OF STONE AGE MONUMENTS IN THE NORTH-EASTERN ARAL SEA REGION

Abstract. The article presents the results of archaeological exploration in the North-Eastern Aral Sea region of the Aral and Kazaly districts of the Kyzylorda region in 2024–2025. The study examines the history of research on Stone Age monuments, their chronological periods, and the dating of newly discovered sites, while also analyzing their connections with neighboring cultures. Mapping the monuments discovered during archaeological exploration works, materials collected from the surface layer, stone tools, and pottery complexes allow us to restore the ancient history of the Aral Sea region to the Paleolithic, Neolithic, Eneolithic, Bronze and Early Iron Ages. The members of the research team studied materials from archives, museum collections, and private collections related to the history of the Kyzylorda region. During archaeological exploration works, monitoring of previously discovered monuments and registration of newly discovered monuments were carried out and included in the list of historical and cultural heritage.

Currently, archaeological monitoring is one of the most important works in the system of measures to ensure the preservation of archaeological

monuments. During monitoring and registration near the Aral Sea, changes in newly discovered objects, their condition, for example, the onset of damage or destruction due to natural or man-made causes, are monitored.

Keywords: History, Archaeology, Aral Sea region, Syr Darya, monument, site, settlement, stone tools.

For citation: Kurmaniyazov Y., Rakhimzhanova S. Monitoring and registration of stone age monuments in the North-Eastern Aral sea region// Madeni mura. 2025. № 3(110). Pp. 19-31 (in Eng.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.02>

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманиязов Ыслам Серікұлы, PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Археология және этнография» ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Қызылорда, Қазақстан.

ORCID: 0000-0003-3741-9721

Рахимжанова Сәуле Жангелдіқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты филиалының жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0003-1429-1470

Сведения об авторах:

Курманиязов Ыслам Серикович, PhD, научный сотрудник научного центра «Археологии и этнографии» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-3741-9721

Рахимжанова Сауле Жангельдыевна, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Филиала Института археологии имени А.Х. Маргулана, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-1429-1470

Information about authors:

Kurmaniyazov Yslam, PhD, researcher at the scientific center «Archaeology and Ethnography» of Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-3741-9721

Rakhimzhanova Saule, candidate of historical sciences, leading researcher of the Branch of the Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-1429-1470